

**«PERFECT FIT®. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ»
АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ**

1.1. Жалпы ережелер

1.1. Акция атауы: «**PERFECT FIT®. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ**» (әрі қарай мәтін бойынша – «Акция»).

Акция осы Ережелерде белгіленген тәртіппен және шарттарда өткізіледі. Акция тек жарнамалық сипатқа ие, тәуекелге негізделмеген, лотерея емес.

1.2. Акцияны ұйымдастырушы "Марс Қазақстан" ЖШС тапсырысы бойынша (бұдан әрі – Акцияның Тапсырыс берушісі) "Olympus agency (Олимпус эдженси)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050040, Қазақстан Республикасы, Бостандық ауданы, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, үй 280, н.п. 3) (бұдан әрі – Акцияны Ұйымдастырушы).

1.3. Акцияны өткізу аумағы – Қазақстан Республикасы.

1.4. Акцияны өткізудің жалпы мерзімі – 2025 жылғы 27 қаңтардан бастап 2025 жылғы 20 сәуірге дейін (бұдан әрі мәтін бойынша – "Акцияны өткізу кезеңі").

Акцияға Астана қ. уақыты бойынша 2025 жылғы 27 қаңтардан 00 сағат 00 минутынан бастап Астана қ. уақыты бойынша 2025 жылғы 20 сәуірге 23 сағат 59 минутына дейін (бұдан әрі мәтін бойынша – "Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі") қатысуға болады.

1.5. **Акцияның ресми ережелері (әрі қарай – Ережелер) <http://perfectfit-promo.kz/> веб-сайтында орналасады (әрі қарай – Сайт)**

2. Сатып алуын ынталандыру мақсатында Акция өткізілетін тауарлардың атауы

2.1. Акция қаптамасында Whiskas®, Dreamies® және Perfect Fit® тауар белгілері мен штрихкодтарының астында «сатуға арналмаған», сондай-ақ «өнім тегін таратуға арналған» жазулары бар өнімдерін қоспағанда, мысықтарға арналған өнімдерге қатысты өткізіледі, атап айтқанда (әрі қарай – Акциялық өнім):

Аты SKU	Штрихкод
Perfect Fit чувст.кош инд 10*650г	4607065377984
Perfect Fit для котят кур 10*650г	4607065375010
Perfect Fit стерил.кош гов 10*650г	4607065377960
Perfect Fit чувст.кош инд 16*190г	4607065377908
Perfect Fit стер.кош кур 16*190г	5000159451802
Perfect Fit для котят кур 16*190г	4008429033292
Perfect Fit стер.кош кур 6*1.2кг	4607065003098
Perfect Fit здор почк лос 10*650г	4660085515361
Perfect Fit дом.кош кур 10*650г	4607065374914
Perfect Fit стерил.кош кур 10*650г	4607065375034
Perfect Fit чувст.кош лос 10*650	4660085510373
Perfect Fit чувст кош с инд 10кг	4607065736491
Perfect Fit для стер.кош с кур.10кг	4607065736507
PF Здоровье п/рта соб.лаком говяд 12*90г	4670082502899
PF Здоровье п/рта соб лаком говяд 8*130г	4670082502912
PF Здоровье п/рта лакомст кур 7*50г	4670082502875
PF Иммуниет собаки лакомст говяд 12*90г	4670082502462
PF Здор суст соб лаком говяд 8*130г	4670082502486
PF Иммуниет кошк лакомст кур 7*50г	4670082502448
Perfect Fit шен мин.пор кур 12*500г	4607065379551
Perfect Fit вз.соб XS-S кур 12*500	4607065379537
Perfect Fit вз.сб к.пор кур 5*1.4кг	4660085515897

3. Жеке тұлға Акция қатысушысы болу үшін жасалатын шарттар

3.1. Қатысушы – Ережелердің талаптарына сәйкес келетін және 2025 жылғы 27 қаңтардан бастап 2025 жылғы 20 сәуірге дейін қоса алғандағы кезеңде кемінде 1 (бір) бірлік мөлшерінде акциялық өнімнің чегін немесе штрихкодын жүктеген және Акцияға қатысу үшін қажетті талаптарды орындаған тұлға.

3.2. **Акцияға** қатысу кезінде 18 (он сегіз) жасқа толған, ұялы телефоны бар Қазақстан Республикасының барлық әрекетке қабілетті азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдар **қатысуға жіберіледі** (бұдан әрі – "Қатысушылар").

3.3. **Акцияға** мына тұлғаларға қатысуға жол берілмейді: Акцияны Ұйымдастырушының және Тапсырыс берушінің қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері, Акцияны Ұйымдастырушының және Тапсырыс берушінің мүдделерін білдіретін тұлғалар, белгіленген тәртіппен Акцияны Ұйымдастырушымен және Тапсырыс берушімен үлестес деп танылған тұлғалар, Акцияны Ұйымдастырушымен және Тапсырыс берушімен белгіленген азаматтық-құқықтық және өзге де қатынастары бар және Акцияны Ұйымдастырушымен және Тапсырыс берушімен байланысты үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері, Акцияны ұйымдастырумен және/немесе өткізумен байланысты тұлғалар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері, азаматтығы жоқ адамдар және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты жоқ басқа мемлекеттердің азаматтары, **Акцияға қатысу кезінде 18 жасқа толмаған тұлғалар.**

3.4. **Акцияға қатыса отырып, Акцияға Қатысушы осы Ережелермен танысқанын және толық келіскенін және олардың барлық шарттары мен талаптарын сақтау міндеттемесін өзіне қабылдағанын растайды.**

3.5. **Акцияға қатысушы болу және жүлдені ұтып алу үшін 2025 жылғы 27 қаңтардан сағат 00:00:00-ден 2025 жылғы 20 сәуірге сағат 23:59:59-ға дейінгі мерзімде (Астана қ. уақыты бойынша) келесі әрекеттерді орындау қажет:**

- <http://perfectfit-promo.kz/> сайтындағы жеке кабинетте тіркелу
- Тіркелу үшін Қатысушыға бірнеше әрекет тізбегін орындау қажет:
 - Ұсынылған нұсқалардағы интерфейс тілін таңдау: қазақ тілі немесе орыс тілі
 - Енгізілген ақпараттың дұрыстығын тексеріп, бақылау үшін өз нөмірін көрсету;
 - Атын енгізу;
 - Қаланың атауын енгізу;
 - Үй жануарын таңдау (мысық немесе ит);
 - «Ережелермен келісемін» мәтінінің сол жағындағы бос терезені басу арқылы Қатысушының 18 (он сегіз) жастан асқанын және Акция ережелерінің барлық шарттарымен танысқанын растау.

3.5.1. Тіркеуден өткен соң Қатысушы Бас жүлдені немесе әр 2 апта сайын ұтысқа тігілетін Жүлдені алу мүмкіндігін алады, ол үшін Қатысушы:

- Қазақстан Республикасының кез келген дүкенінен осы Ережелердің 2.1-т. Perfect Fit® Акциялық өнімдерін сатып алуы және осындай Өнімнің атауы көрсетілген фискалдық чекті алуы керек;
- Фискалдық чектің фотосын <http://perfectfit-promo.kz/> сайтында жүктеуі керек.

3.5.2. Сондай-ақ тіркеуден өткен соң Қатысушы Күн сайынғы жүлдені алу мүмкіндігін алады, ол үшін Қатысушы:

- Осы Ережелердің 2.1-т. көрсетілген Қазақстан Республикасының кез келген дүкеніндегі Акциялық өнімнің қаптамасындағы штрихкодты сканерлеуі немесе оны <http://perfectfit-promo.kz/> сайтына жүктеуі тиіс

3.6. 1 (бір) және одан көбірек фискалдық чек жүктеген және/немесе Сондай-ақ сайттың сағат 00:00 ден 23:59 -ға дейін күніне 1(бір) штрихкодты жүктеу рұқсат етіледі Акция Қатысушылары болып табылады. Бір Акция Қатысушысы бірақ Акцияның бүкіл кезеңінде чектер шектеусіз санын жүктеуге құқылы, және Акцияның бүкіл кезеңінде 10 (он) штрихкодтан көп емес.

3.7. **Акция Қатысушылары жіберген чектер мен штрихкодтар келесі талаптарға сай болуы керек:**

- Файл түрі: JPEG, JPG, PDF, PNG, GIF;
- Көлемі 10 Мб-тан артық емес, сатып алудан алынған чектердің көшірмелері техникалық жағынан сапалы болуы керек. Фотосуреттер болып табылмайтын суреттерге (скриншоттар, бедерлер, суреттер, компьютерлік графика, фотомонтаж) жол берілмейді. Сапасыз сурет жүктелген жағдайда Акцияны Ұйымдастырушы тіркелген чекті немесе штрихкодты қабылдамауға құқылы;
- Чек суретке толығымен, оның ішінде чектің жоғарғы және төменгі шеттері түсуі керек;
- Чек пен штрихкодтың суреті оқылатын және міндетті түрде тігінен бағытта болуы керек;
- Чек пен штрихкодты суретке тік бұрышта түсіру керек.
- Чекті жібермес бұрын Акцияға Қатысушы мыналарға көз жеткізуі керек:
- Чекте Акцияға қатысатын Акциялық өнім бар;
- Чектегі сатып алу күні **2025 жылғы 27 қаңтардан сағат 00:00:00-ден ерте емес және 2025 жылғы 20 сәуірге сағат 23:59:59-дан кеш емес** (Астана қ. уақыты бойынша);
- Чек суретке толығымен, оның ішінде чектің жоғарғы және төменгі шеттері түскен.
- Чекте сатып алу күні мен уақыты, сауда желісінің атауы, дүкеннің мекенжайы, жиынтық сомасы бар;

- Егер Чек ұзын болса, онда Қатысушы чекті жоғарыда көрсетілген мәліметтер көрінетін етіп орналастыруы керек. Немесе чектің жоғарғы жиегінің деректері көрсетілген екінші суретті жіберу керек.
- Барлық жүктелген чектер мен штрихкодтардың фотосуреттері 72 (жетпіс екі) сағат ішінде модерациядан өтеді. Егер чек немесе штрихкод осы Ережелердің барлық талаптарына жауап берсе, пайдаланушы тиісті хабарлама алады.
- Толтырылған деректер түзетуге жатпайды, сауалнамада толық, шынайы және дұрыс ақпарат берілуі тиіс. Егер тіркеу кезінде, атап айтқанда: аты-жөнін, телефон нөмірін, қаласын көрсеткенде Қатысушы толық емес ақпаратты, сондай-ақ дұрыс емес ақпаратты ұсынса, ол Жұлделердің иегері бола алмайды. Ботта тіркелу кезінде Қатысушы көрсеткен ұялы телефон нөмірі Қатысушының идентификаторы болады. Ұялы телефон нөмірі Қатысушы тіркеген чек нөмірлерін қосатын идентификатор болады. Бұл ретте, ұялы телефон нөмірі иесінің тіркеу деректері Акцияны Ұйымдастырушының сұрау салуы бойынша мәліметтерді және ақпаратты тіркеу және/немесе ұсыну кезінде көрсетілген Қатысушының деректеріне сәйкес келуі тиіс. Қатысушыларға тиесілі емес телефон нөмірлерін көрсетуге жол берілмейді. Акция Ұйымдастырушының өтініші бойынша Қатысушы ұялы телефон нөмірінің оның атына тіркелгенін растайтын ұялы байланыс операторымен шартты Акция Ұйымдастырушысынан сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті. Осы тармақта көрсетілген растайтын құжат ұсынылмаған және/немесе Қатысушы басқа тұлғаға тіркелген телефон нөмірін көрсеткен жағдайда, Акцияны Ұйымдастырушы оны өткізудің кез келген кезеңінде Қатысушыны акцияға қатысудан және жұлделерді алудан шеттетуге құқылы. Дұрыс жүктелмеген чектер мен штрихкодтар Акцияға қатысуға жіберілмейді.

Келесі чектер мен штрихкодтар дұрыс емес деп танылып, есепке алынбайды және қабылданбайды:

- Акцияны Ұйымдастырушы Акция кезеңінің басталу күнінен бұрын алған (2025 жылғы "27" қаңтардан Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан ерте);
- Акцияны Ұйымдастырушы Акция кезеңінің аяқталу күнінен кеш алған (2025 жылғы "20" сәуірге Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минуттан кеш);
- чек бүлінген/ чектің тұтастығы бұзылған;
- чекте Акцияға қатыспайтын Акциялық өнім көрсетілген;
- чекте Акцияға қатысатын Акциялық өнім көрсетілмеген;
- чектің немесе штрихкодтың суреті бұлыңғыр, көмескі, чектегі немесе штрихкодтағы ақпаратты оқу мүмкін емес;

1 (бір) чек бір рет қана қабылдана алады.

Чектер мен штрихкодтардың фотосуреттері өзгертілмеуі, соның ішінде кескінді өңдеу бағдарламалары арқылы өзгертілмеуі керек. Фотосуреттер немесе сканерленген көшірмелер болып табылмайтын суреттерге (скриншоттар, бедерлер, суреттер, компьютерлік графика, фотомонтаж) жол берілмейді. Егер чектегі ақпаратты анықтап түсіну мүмкін болмаса, онда бұл чек қабылданбайды. Олай болмаған жағдайда, Акцияны Ұйымдастырушы жүлдені беруден бас тартуға құқылы және чектің қайталама фотосуретін және/немесе түпнұсқа чекті талап ете алады.

Чектер мен штрихкодтарды тіркеу кезінде чектер мен штрихкодтардан деректерді автоматты түрде жасауға немесе оларды Ботта тіркеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етуді, механикалық, электрондық аспаптарды және/немесе құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ акцияға қатысудың басқа да рұқсат етілмеген әдістерін осы Ережелердің 3-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді орындау арқылы жеке қатысудан басқа тәсілмен пайдалануға тыйым салынады. Акцияны Ұйымдастырушы Қатысушының тыйым салынған құралдарды пайдаланғанын және/немесе Қатысушының осы Ережелерде көзделген шарттарға сәйкес келмейтін әрекеттерді жүзеге асырғанын анықтаған жағдайда, Акцияны Ұйымдастырушы көрсетілген бұзушылықтар анықталған кезден бастап кез келген уақытта осындай адам бұрын тіркеген барлық чектер мен штрихкодтарды (әрқайсысының шығу тарихын талдаусыз) жойып, сондай-ақ мұндай адамды Акцияға одан әрі қатысудан шеттетіп, жеңімпаздарды анықтау және жұлделер алу мүмкіндігімен Акцияға Қатысушылар немесе жеңімпаздар қатарынан шығаруға құқылы.

Тіркеу кезінде Акцияға Қатысушы Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлға екенін, Қазақстан Республикасының аумағында тұратынын және оның 18 (он сегіз) жастан асқанын растайды.

3.8. Тұлғаның осы Ережелердің 3.5 – тармағында көрсетілген тиісті талаптарды жасауы Акцияға қатысуға Өтінім (бұдан әрі - Өтінім) деп танылады. Осындай әрекеттерді жасау қорытындылары бойынша оның және Акцияны Ұйымдастырушының арасында Акцияға қатысуға шарт жасалды деп есептеледі, ал мұндай адам осы Ережелердің 4-бөлімінде көрсетілген жұлделерді алуға қатысушы болып танылады және үміткер болады. Қатысушының өтінімді жіберу фактісі оның осы Ережелермен танысқанын және келісетінін білдіреді.

3.9. Акцияны Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен және себепсіз кез келген уақытта Қатысушылардың немесе Жеңімпаздардың қатарынан мына тұлғаларды шығарып тастауға құқылы:

- Акцияны Ұйымдастырушы көрсеткен мерзімде тіркелген чектерді ұсынбаған (Акцияны Ұйымдастырушының қалауы бойынша - түпнұсқалар немесе олардың фотосуреті) тұлғалар;

- жүлделерді беру үшін осы Ережелерде белгіленген құжаттарды, ақпаратты, мәліметтерді ұсынбаған тұлғалар;
- Акцияға бірнеше рет тіркелгендер;
- өзі туралы бұрмаланған ақпарат берген немесе мақсаты жүлдені негізсіз алу болып табылатын алаяқтық әрекеттер жасағаны туралы күдік бар тұлғалар;
- осы Ережелердің бұл бөлімінде көзделген шарттарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, өзге де ережелерін бұзғандар;
- осы Ережелердің 3.1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар.

4. Жүлде қорының құрамы мен мөлшері

Акцияның жүлде қоры Акцияға Тапсырыс берушінің ақшалай қаражаты мен мүлкі есебінен қалыптастырылады және мынадай жүлделерден тұрады:

Бас жүлде:

- Apple MacBook Air ноутбугы – бүкіл Акция кезеңінде небәрі 1 д.;

Әр 2 апта сайын ұтысқа тігілетін жүлделер:

- Apple AirPods Max құлаққаптары – бүкіл Акция кезеңінде небәрі 6 д.

Күн сайынғы жүлделер:

- Мысықтар мен иттерге арналған өнімдер бар сеттер

Сайттағы және жарнамалық және басқа да ақпараттық материалдардағы жүлделердің бейнесі, түсі мен моделі нақты жүлделерден визуалды түрде ерекшеленуі мүмкін. Акцияны Ұйымдастырушы жүлденің түсі мен моделін өз қалауы бойынша өзгертуге құқылы. Жүлделерді басқа жүлделермен немесе ақшалай өтемақымен ауыстыру жүргізілмейді. Жоғалған Бас жүлделер қалпына келтіруге немесе қайта беруге жатпайды және олардың телнұсқалары берілмейді.

5. Жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу тәртібі, оның ішінде Акция жеңімпаздарын анықтау тәртібі және хабарлау тәсілі

5.1. Әр 2 апта сайын ұтысқа тігілетін жүлделер иелері тіркелген және Акцияның өтіп кеткен 2 аптасы үшін чек жүктеген қатысушылар арасында әр екінші акциялық апта (барлығы 6 апта) аяқталған соң 1 (бір) күннен кейін анықталады. Әрбір қатысушыға ID және реттік нөмір беріледі. Жеңімпазды анықтау арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен қатысушылардың ID және сканерлеулерінің реттік нөмірін кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды анықтаған кезде Акцияны Ұйымдастырушы әр жүлдеге негізгі және резервтік жеңімпаздарды таңдайды.

Әр 2 апта сайын өткізілетін Жүлделер ұтыс ойындарының күндері*:

№	Тарту күні
1 ұтыс ойыны	10.02.2025
2 ұтыс ойыны	24.02.2025
3 ұтыс ойыны	10.03.2025
4 ұтыс ойыны	24.03.2025
5 ұтыс ойыны	07.04.2025
6 ұтыс ойыны	21.04.2025

*Әр 2 апта сайын өткізілетін Жүлделер ұтыс ойындарының кестесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген демалыс және мереке күндерін есепке ала отырып, түзетілуі мүмкін.

5.2. Күн сайынғы жүлделердің иелерін анықтау әр акциялық апта (барлығы 12 апта) аяқталған соң 1 (бір) күннен кейін тіркеуден өткен және ағымдағы аптада акциялық өнімнің қаптамасынан кемінде 1 (бір) штрихкодты сканерлеген қатысушылар арасында жүргізіледі. Әрбір қатысушыға ID және реттік нөмір беріледі. Жеңімпазды анықтау арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен қатысушылардың ID және сканерлеулерінің реттік нөмірін кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды анықтаған кезде Акцияны Ұйымдастырушы әр жүлдеге негізгі және резервтік жеңімпаздарды таңдайды.

Күн сайынғы ұтыс ойындарының күндері*:

№	Тарту күні
1 ұтыс ойыны	03.02.2025
2 ұтыс ойыны	10.02.2025
3 ұтыс ойыны	17.02.2025
4 ұтыс ойыны	24.02.2025
5 ұтыс ойыны	03.03.2025
6 ұтыс ойыны	11.03.2025
7 ұтыс ойыны	17.03.2025
8 ұтыс ойыны	26.03.2024
9 ұтыс ойыны	31.03.2025
10 ұтыс ойыны	07.04.2025
11 ұтыс ойыны	14.04.2025
12 ұтыс ойыны	21.04.2025

***Күн сайынғы Жүлделер ұтыс ойындарының кестесі Қазақстан Республкасының заңнамасымен белгіленген демалыс және мереке күндерін есепке ала отырып, түзетілуі мүмкін.**

5.3. Бас жүлде иесін анықтау Акция аяқталғаннан кейін 1 (бір) күннен соң тіркеуден өткен, акцияның бүкіл кезеңінде кемінде 1 (бір) чекті жүктеген қатысушылар арасында жүргізіледі. Әрбір қатысушыға ID және реттік нөмір беріледі. Жеңімпазды анықтау арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен қатысушылардың ID және сканерлеулерінің реттік нөмірін кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды анықтаған кезде Акцияны Ұйымдастырушы әр жүлдеге негізгі және резервтік жеңімпаздарды таңдайды.

Бас жүлде ұтыс ойынының күні – 21.04.2025.

Күн сайынғы жүлделердің, әр 2 апта сайын ұтысқа тігілетін жүлделердің және Бас жүлденің иелері анықталған соң тіркелген кезде көрсетілген ұялы байланыс операторының абоненттік нөміріне қоңырау шалу арқылы Акция Ұйымдастырушысы Акцияның жеңген Қатысушыларына хабарлайды.

5.4. **Ұтыс ойынын өткізу үшін қатысушылардың аз саны — 5.**

5.5. Егер Акцияны Ұйымдастырушы осындай жеңімпаз анықталған сәттен бастап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде жеңімпазбен байланыса алмаса, аталған адам тиісті жүлдеге құқығынан айырылады және Акцияны Ұйымдастырушы бұл жүлдені беру үшін резервтік жеңімпазбен байланысады.

5.6. Егер Акцияны Ұйымдастырушы жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде резервтік жеңімпазбен байланыса алмаса, онда мұндай жеңімпаз тиісті жүлдеге құқығынан айырылады және Акцияны Ұйымдастырушы мұндай жүлдеге өз қалауы бойынша иелік етуге құқылы.

5.7. Бір Акция Қатысушысы әр 2 апта сайын ұтысқа тігілетін ең көбі 1 (бір) Жүлде, сондай-ақ ең көбі 1 (бір) Күн сайынғы жүлдені ұта алады. 1 (бір) қатысушы әр 2 апта сайын ұтысқа тігілетін жүлде мен Бас жүлдені қатар ұта алмайды. Бұл ретте Қатысушы әр 2 апта сайын ұтысқа тігілетін 1 (бір) Жүлде мен 1 (бір) күн сайынғы жүлдені немесе 1 (бір) Бас жүлде мен 1 (бір) Күн сайынғы жүлдені қатар ұта алады.

5.8. Акция жеңімпаздарының толық тізімі <http://perfectfit-promo.kz/> "Жеңімпаздар" бөлімінде 2025 жылғы 28 сәуірге кешіктірілмей (бұдан әрі – Акция өткізу нәтижелері жарияланған күн) келесі форматта орналастырылады: "Жеңімпаздар" бөліміндегі тізім.

6. Порядок и срок выдачи призов победителям Акции

6.1. Апта сайынғы, Күн сайынғы және Ай сайынғы жүлделер ұтыс ойынынан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жеңімпаздармен байланыс ақпаратын, атап айтқанда: жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін, толық тұрғылықты мекенжайын, жасын және Акцияға қатысты басқа да ақпаратты қоса алғанда, жеңімпаздың жеке деректерін нақтылау үшін Акцияның қолдау қызметінің операторлары байланысады.

6.2. Физикалық жүлделерді курьерлік қызмет 2025 жылғы 21 шілде дейін қоңырау шалу барысында көрсетілген деректерге сәйкес есікке жеткізеді. Жүлдені алған кезде жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсету қажет. Өзге жағдайда жүлдені беруден бас тартылады.

- 6.3. Егер Акция Ұйымдастырушысы ұтыс ойынынан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде байланыс деректерін нақтылау үшін жүлде алушымен байланыса алмаса, мұндай жеңімпаз бұл жүлдені алу құқығынан айырылады және Акция Ұйымдастырушысы мұндай жүлдені өз қалауы бойынша иеленуге құқылы.
- 6.4. Акция жеңімпаздары Ережелерде көзделген шарттарды орындамаған және жүлделерді алу мерзімдерін сақтамаған жағдайда, тиісті жүлдені беруден бас тартылуы және/немесе Акция жеңімпазы тиісті жүлдені алу құқығынан айырылуы мүмкін.
- 6.5. Жүлделер Акция Қатысушыларына осы Ережелерде көзделген тәртіптен басқа тәртіпте берілмейді, оның ішінде жүлделер ақшалай баламада берілмейді. Акцияға Қатысушы Жүлдені алудан бас тартқан, Акция Қатысушысы осы Ережелердің талаптарын орындамаған немесе белгіленген мерзімде және белгіленген тәртіппен жүлдені алмаған жағдайда, Акцияға Қатысушы Жүлдені алу құқығынан айырылады және Акция жеңімпазына тиесілі жүлде Акцияның Ұйымдастырушысында қалады. Жүлделерді Акция жеңімпаздары қайта талап ете алмайды, оларға ақшалай өтемақы төленбейді.
- 6.6. Акцияны Ұйымдастырушыға тәуелсіз себептер бойынша тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта арқылы электрондық хат жіберу, Акция Қатысушысымен мобильді және/немесе стационарлық нөмірлер бойынша байланысу мүмкіндігінің болмауы, сондай-ақ Акцияға Қатысушының тіркеу кезінде көрсеткен мекенжайлар бойынша болмауы Акция Ұйымдастырушысын жауапкершіліктен босатады.
- 6.7. Егер Акцияны Ұйымдастырушыға Қатысушыны жүлдені алуға үміткерлер қатарынан алып тастайтын фактілер белгілі болса (шарттарды сақтамау, алаяқтық, акцияға әділетсіз қатысу, өзі туралы жалған деректерді көрінуе ұсыну және т. б.), мұндай Қатысушылар жеңімпаздар қатарынан шығарылады, жүлдені алу құқығынан айырылады, ал Акция Ұйымдастырушысы бұл жүлдеге өз қалауы бойынша иелік етуге құқылы.
- 6.8. Акцияны Ұйымдастырушы Қатысушының Акция шарттарын орындағанын растау үшін құжаттардың түпнұсқаларын немесе олардың фотосуретін (Акцияны Ұйымдастырушының қалауы бойынша), атап айтқанда: өнімді сатып алуды растайтын чекті, жеке басын куәландыратын құжатты сұратуға құқылы.
- 6.9. Акцияны Ұйымдастырушы Қатысушыға жүлде жіберілген сәтте жүлде беру жөніндегі міндеттемелерді орындаған болып есептеледі. Пошта арқылы жіберілетін жүлделерді жөнелту сәті жүкқұжат курьерлік қызметіндегі күн немесе жөнелтудегі пошта мөртабанының күні болып есептеледі. Акцияны Ұйымдастырушы жүлделерді жеткізу мерзімдерін бұзғаны, олардың жоғалғаны және осындай жеткізуді жүзеге асыратын ұйымдардың кесірінен бүлінгені үшін жауапты болмайды.
- 6.10. Акцияны Ұйымдастырушысы Қатысушының дұрыс емес деректерді (тегін, атын, әкесінің атын немесе мекенжайын) ұсынуы салдарынан жүлдені дұрыс емес мекенжай бойынша немесе дұрыс емес адресатқа жібергені үшін жауапты болмайды.

7. Дербес деректер

- 7.1. Осы Ережелерге сәйкес Акцияға қатысу фактісі Акцияға Қатысушының осы Ережелермен келісімін растайды, сондай-ақ Акция мақсаттары үшін және осы Ережелерге сәйкес осы Ережелерде көзделген тәртіппен Қатысушы ұсынатын Акцияны өткізу мақсатында қажетті дербес деректерді Акцияны Ұйымдастырушының, Акция Операторының және Ұйымдастырушы/Оператор Акцияны өткізу үшін тартқан өзге де серіктестердің (бұдан әрі - "өзге серіктестер") кез келген тәсілмен өңдеулеріне еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы түрде келісімін білдіруі болып табылады..
- 7.2. Акцияға қатысу туралы шешім қабылдай отырып, Қатысушы өз еркімен берген кез келген ақпаратты, оның ішінде Қатысушының дербес деректерін, сондай-ақ Акция сайты арқылы Қатысушы ұсынған кез келген өзге де материалдарды Ұйымдастырушы, оның уәкілетті өкілдері (Операторлар және өзге серіктестер) Қатысушының қосымша келісімін алмай және ол үшін оған қандай да бір сыйақы төлемей, осы Ережелерге сәйкес және (немесе) жарнама агенттіктерінің жарнамалық мақсаттарында өңдей алатынына келісімін растайды. Акцияға Қатысушылар Акцияға қатысу үшін тіркеу кезінде олар көрсеткен дербес деректерді Ұйымдастырушы (Операторлар, өзге серіктестер) Акция жүргізу мақсатында барлық қажетті тәсілдермен өңдейтінін түсінеді және келіседі және жоғарыда көзделгендей осы Ережелерді қабылдау кезінде осындай өңдеуге келісім береді. Осы Ережелердің мақсаттарында Дербес деректер (ДД) деп тікелей немесе жанама түрде айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат түсініледі. Осы Ережелерде ДД жинау деп ДД алуға бағытталған кез келген әрекет (операция) түсініледі. Осы Ережелердегі ДД өңдеу деп Акцияға Қатысушы Акция жүргізу мақсатында ұсынған дербес деректерді жинақтауды, сақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді, бұғаттауды және жоюды қоса алғанда, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе ДД-мен осындай құралдарды пайдаланбай жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі. Осы Ережелерде ДД пайдалану деп меншік иесі, оператор және үшінші тұлға қызметінің мақсаттарын іске асыруға бағытталған автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе дербес деректермен осындай құралдарды пайдаланбай жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе іс-қимылдар (операциялар) жиынтығы түсініледі; Осы Ережелерде ДД сақтау деп автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе ДД-мен осындай құралдарды пайдаланбай, ДД тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе іс-қимылдар (операциялар) жиынтығы түсініледі; Осы Ережелерде ДД-ны тарату деп автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе ДД-мен осындай құралдарды пайдаланбай жасалатын, соның нәтижесінде дербес деректерді беру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе дербес деректерге қандай да бір өзге тәсілмен (белгісіз тұлғалар тобына ДД ашуға

бағытталған іс-әрекеттер, атап айтқанда: Акция Сайтында, сондай-ақ тегі, аты, тұрғылықты қаласы, e-mail туралы өзге де мәліметтер көздерінде ашық жариялау, Қатысушы акция барысында Акцияның Сайты арқылы ұсынған Акцияға Қатысушылардың телефон нөмірі, сондай-ақ осы Ережелерде көрсетілген және (немесе) ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда Қатысушының ұтысы (жүлдесі)) қол жеткізуді ұсыну нәтижесінде жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі.

7.3. ДД-ны өңдеуді "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" ҚР Заңында көзделген қағидаттар мен ережелерді сақтай отырып, Акцияны Ұйымдастырушы, Акция Операторлары және Акцияны Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге де серіктестер жүзеге асыратын болады.

Акцияның Ұйымдастырушысына/Операторына Акцияға Қатысушы болып табылмайтын тұлғалар ДД берген кезде, мұндай деректерді беру Акция мақсаттары үшін қажет болған кезде Қатысушылар Акцияны Ұйымдастырушымен/Операторымен қарым-қатынаста тиісті үшінші тұлғалардың — дербес деректер субъектілерінің өкілдері ретінде әрекет етеді және мұндай тұлғалардың ДД-ны Ұйымдастырушымен/Операторымен өңдеуге келісуіне кепілдік береді. Қатысушылар ДД құпиялылығына үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзғаны үшін дербес жауапты болады.

Акцияны Ұйымдастырушы, Акция Операторлары және Акцияны Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге серіктестер дербес деректерді рұқсатсыз кіруден қорғаудың қажетті шараларына кепілдік береді. Акцияға қатысу мақсаттары үшін Қатысушылар хабарлаған барлық ДД-ны Акция Ұйымдастырушысы, Акция Операторлары және Акция Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге серіктестер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы Ережелерде көрсетілген кепілдіктерді сақтай отырып сақтайтын және өндейтін болады. Акцияны Ұйымдастырушы, Акция Операторлары және Акцияны Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге серіктестер мынадай ережелерді сақтауға міндеттенеді және Қатысушыға ДД өңдеуге қатысты мынадай кепілдіктер береді:

— дербес деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасының барлық қолданылатын талаптарын сақтай отырып, оның ішінде "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заңда белгіленген ДД Операторының қағидаттарын, талаптарын, міндеттемелерін сақтай отырып, дербес деректерді өңдеуді қамтамасыз ету;

— Акцияға Қатысушылардың дербес деректерін, оның ішінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісі арқылы жүзеге асыруды және жинауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР аумағында орналасқан дерекқорларды пайдалана отырып, Акцияға Қатысушылардың дербес деректерін жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жанартуды, өзгертуді), алуды қамтамасыз ету. Ұйымдастырушы, Операторлар және/немесе өзге серіктестер Акция өткізу мақсатында Акцияға Қатысушылардың ДД жинау және өңдеу кезінде пайдаланатын Акцияға Қатысушылардың ДД-сы бар деректер базасы бар серверлер ғаламдық Интернет желісінде болады.

— Осы арқылы Акцияға Қатысушылар Акция мақсатында жинау және өңдеу жүзеге асырылатын ДД орналасқан жері туралы хабардар деп есептеледі.

— ДД-ны тек Акция көлемінде және Акцияны өткізу мақсатында, сондай-ақ жарнамалық мақсатта өңдеу. ДД субъектілерін қандай да бір өнімдер мен қызметтер туралы хабардар ету мақсатында, сондай-ақ кез келген өзге де мақсаттарда ДД-ны пайдалануға және өңдеудің өзге де түрлеріне "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" ҚР Заңында көзделген көлемде және жағдайларда ғана жол беріледі;

— Акцияны Ұйымдастырушы, Акция Операторлары Акцияға Қатысушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау мақсатында Акцияға Қатысушылардың ДД-сын үшінші тұлғаларға беруге немесе өзге де жолмен ашуға тиіс болған жағдайда көрсетілген әрекеттерді "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңның талаптарын сақтай отырып жүзеге асыруға тиіс;

— ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес оларды өңдеу кезінде Акцияға Қатысушылардың ДД қауіпсіздігін және құпиялылығын қорғау және қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болу.

7.4. Акцияға қатысу Қатысушының Акцияны Ұйымдастырушыға, Акция Операторларына және Акцияны Ұйымдастырушының өзге серіктестеріне Акцияны өткізу мақсатында ДД өңдеуге келісім беру фактісін растайды. Ұйымдастырушы/ Оператор және өзге серіктестер кез келген тәсілмен осындай деректерді Акция мақсаттары үшін таратуды және Ұйымдастырушы/Оператор және өзге серіктестер ДД құпиялылығын сақтауға және оларды өңдеу кезінде ДД қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті, сондай-ақ деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып, ДД-ны рұқсатсыз жария етуден қорғаудың қажетті шараларына кепілдік береді. Акцияға Қатысушылар Акция мақсаттары үшін хабарлаған барлық ДД Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Ұйымдастырушы/Оператор және өзге де әріптестер сақтайтын және өндейтін болады.

7.5. Акцияға Қатысушы осы Ережелерде көрсетілген пошта мекенжайы бойынша Акция Операторына/Серіктесіне/Ұйымдастырушысына тапсыру туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен тиісті хабарлама жіберу арқылы ДД өңдеуге келісімін кері қайтарып алуға құқылы.

7.6. Акцияға Қатысушы өзінің дербес деректерін жарнамалық акцияларда, таратылымдарда, хабарламаларда және өз мақсаттары үшін дербес деректерді жинау және өңдеу жүзеге асырылған өзге де/кез келген коммуникацияларда пайдалануға рұқсат береді.

7.7. ДД өңдеуге келісімді кері қайтарып алу туралы Қатысушының хабарламасын алғаннан кейін Ұйымдастырушы ҚР "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңында немесе басқа да РК заңдарында көзделген негіздерде ДД субъектісінің келісімінсіз ДД өңдеуді жүзеге асыруға құқылы болған кезде жағдайларды қоспағанда, көрсетілген кері қайтарып алу түскен күннен бастап 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде Оператор оларды өңдеуді тоқтатуға және Оператордың тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаның өзге серіктестердің мұндай өңдеуді тоқтатуын қамтамасыз етуге (егер ДД-ны өңдеуді Акцияны

Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша басқа тұлға жүзеге асырса) және егер дербес деректерді сақтау Акция мақсаттары үшін бұдан артық талап етілмеген жағдайда, ДД-ны жоюға немесе олардың жойылуын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Акцияның жалпы шарттары

8.1. Бұл Ережелермен <http://perfectfit-promo.kz/> сайтында танысуға болады.

8.2. Акцияның бір Қатысушысы тек бір ұялы телефон нөмірін пайдаланып Акцияға қатысуға құқылы. Акцияның бір Қатысушысы Акцияға қатысу үшін біреуден артық ұялы телефон нөмірін пайдаланғаны анықталған жағдайда, мұндай Акцияға Қатысушы Акция шеңберінде кез келген жүлделерді алу құқығынан айырылады. Тіркеу кезінде көрсетілген бірнеше ұялы телефон нөмірлері бар Акцияға Қатысушыны анықтау идентификаторы бірнеше ұялы телефон нөмірлерімен сәйкес келетін тұрғылықты жері болып табылады, бұл жағдайда Акция Ұйымдастырушысы Акцияға Қатысушыны Акцияға қатысу мүмкіндігінен айыруға және Акцияға Қатысушы жеңіп алған жүлделерді ішінара немесе толық көлемде қайтарып алуға құқылы.

8.3. Акцияға қатысу фактісі Акцияға Қатысушылардың аттарын, әкесінің атын, тегін, фотосуреттерін, бейне-, аудио-және олар туралы өзге де материалдарды Акция Ұйымдастырушысы Акция өткізуге байланысты кез келген жарнамалық және (немесе) ақпараттық материалдарда Акция Қатысушыларына қандай да бір сыйақы төлемей пайдалануы мүмкін екендігімен келісетінін білдіреді. Акция жеңімпазы бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбаттасуға және осы Акцияның өтуіне байланысты дайындалған жарнамалық материалдар үшін оған қандай да бір сыйақы төлемей-ақ түсіруге өз келісімін береді. Мұндай жарнамалық материалдарға барлық құқықтар Акцияны Ұйымдастырушыға тиесілі.

8.4. Акцияға Қатысушы өзінің <http://perfectfit-promo.kz/> тіркелуімен Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматы екенін, өзінің және шынайы деректерін хабарлағанын растайды және Акция Ұйымдастырушысынан жарнамалық акциялар, сыйлықтар, өнім үлгілері және басқа да ұсыныстар туралы ақпарат алуға келісім береді. Акцияға Қатысушының келісімі Акция Ұйымдастырушысына және осындай деректерді рұқсатсыз таратудан қорғаудың қажетті шараларын сақтайтын ол уәкілеттік берген тұлғаларға Акция Ұйымдастырушының және/немесе оның уәкілетті өкілдерінің Акция Ұйымдастырушының жарнамалық акцияларына қатысты Акцияға Қатысушылармен байланысын жүзеге асыру үшін сауалнамада көрсетілген Акцияға Қатысушының деректерін жинауды, сақтауды, өңдеуді және пайдалануды жүзеге асыру құқығын береді, оның ішінде СМС-хабарламалар мен электрондық пошта хабарларын жіберуді қоса алғанда, электрбайланыс желілері бойынша. Келісім Акцияға Қатысушы оны тіркеу деректерін хабарлаған сәттен бастап Акцияға Қатысушы оларды қайтарып алған сәтке дейін жарамды.

8.5. Акцияға Қатысушы кері қайтарып алу туралы қол қойылған жазбаша хабарламаны онда өзінің тіркеу деректері қатарында Акцияға қатысу үшін Акцияға Қатысушы хабарлаған өзінің тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін және мекенжайын көрсете отырып, **050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 97, кеңсе №6** мекенжайына жолдау арқылы өз келісімін кері қайтарып алуға құқылы.

8.6. Келісімді кері қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Акцияны Ұйымдастырушы және ол уәкілеттік берген тұлғалар осындай Акцияға Қатысушының дербес деректерін өңдеуді тоқтатады және оның дербес деректерін кері қайтарып алу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жояды.

8.7. Акцияны Ұйымдастырушы, егер мұндай орындамау Акцияға Қатысушының оларды қайтарып алуы нәтижесінде Акцияға Қатысушының дербес деректерін жою салдарынан болса, Акция өткізуге байланысты іс-әрекеттердің орындалмағаны үшін жауапты болмайды.

8.8. Акцияны өткізу барысында Акцияға Қатысушылар алатын жүлделерге салық төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8.9. Акцияны өткізу нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

8.10. Тапсырыс беруші мен Акцияны Ұйымдастырушы Қатысушылардың алдын ала келісімінсіз және ескертусіз осы Ережелерді өзгертуге және толықтыруға құқылы.

8.11. Акцияға Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Акция өткізу мерзімдерін ауыстырғаны және еңсерілмейтін күш мән-жайларынан және/немесе оның құзыретінен тыс болған басқа да өзгерістер үшін жауапты болмайды.

8.12. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы олардың санының шектелуіне байланысты Акция жүлделерін алу мүмкін еместігімен байланысты тәуекелді түсінеді және қабылдайды.

8.13. Акцияны Ұйымдастырушының жүлделердің сапасына қатысты міндеттемелері оларды өндірушілердің берген кепілдіктерімен шектеледі. Жүлделердің тұтастығы мен функционалдық жарамдылығын жеңімпаздар оларды алған кезде тікелей тексеруі тиіс. Жүлделердің сыртқы түрі, олардың параметрлері мен сипаттамалары жарнамалық материалдар мен өнімнің қаптамасындағы суреттерінен өзгеше болуы мүмкін. Жүлделердің сапасына қатысты барлық шағымдар тікелей тауар өндірушіге ұсынылуы керек. Акцияны Ұйымдастырушы Акция Жүлделеріне кепілді жөндеуді жүзеге асырмайды.